Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

16 шілде,
бейсенбі,
2026 жыл
№76 (19646)

# Jetisý

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

## Конституция – ел тірегі

## МЕМЛЕКЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КАПИТАЛЫ

Қоғам денсаулығы тек медициналық статистикамен өлшенбейді. Оның негізінде мемлекеттің тиімді саясаты, азамат алдындағы жауапкершілігі және уақыт талабына сай даму бағыты жатыр. Сондықтан жаңа Конституцияның күшіне енуі денсаулық сақтау жүйесі үшін де ерекше маңызға ие. Жаңа құжат – еліміздің жаңғыруының жаңа кезеңінің бастауы. Ата Заң медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, заманауи технологияларды енгізуге және адамға бағдарланған жүйені қалыптастыруға жол ашады.

Соңғы жылдары медицина саласы айтарлықтай өзгерді. Цифрландыру, жасанды интеллект пен жаңа медициналық технологиялардың дамуы денсаулық сақтау жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Мұндай жағдайда конституциялық кепілдіктер мемлекеттік саясаттың сабақтастығын қамтамасыз етіп, саланың тұрақты дамуына құқықтық негіз қалайды.

Бүгінде денсаулық сақтау – елдің тұрақты дамуының, адами капиталдың және ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторы. Сондықтан профилактика, аурудың алдын алу, ерте диагностикалау, вакцинация және скрининг жұмыстары басты басымдыққа айналуы тиіс. Бұл ретте алғашқы медициналық-санитарлық көмектің рөлі ерекше. Дәл осы буында азаматтардың денсаулығын сақтау, созылмалы ауруларды бақылау және профилактикалық шараларды жүзеге асыру қамтамасыз етіледі.

Облыста алғашқы медициналық көмек қызметін дамыту, денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру және профилактикалық бағдарламаларды кеңейту мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Бұл сапалы медициналық көмектің қала мен ауыл тұрғындарына бірдей қолжетімді болуына мүмкіндік береді.

Көпжылдық тәжірибем көрсеткендей, халықтың сенімі заңмен емес, дәрігердің кәсібилігімен, жауапкершілігімен және адамға деген құрметімен қалыптасады. Конституция негізгі қағидаларды белгілесе, медицина қызметкерлері оны күнделікті еңбегімен жүзеге асырады.

**Мөлдір ШЫНЖЫРБАЙ,**
**Көксу аудандық орталық ауруханасы З.Тамшыбай дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелі дәрігері**

## ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЖЕТ

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан күрделі сынақтардан өтіп, мемлекеттілігін нығайтты. Осы өзгерістердің бәрі халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталды. Сондықтан жаңа Конституцияны қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді күшейтетін маңызды құжат деп бағалаймын.

Конституцияның басты құндылығы – әрбір азаматтың күнделікті өмірінде көрініс табуы. Бұл білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, жастар саясаты және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы нақты оң өзгерістер арқылы сезілуі тиіс.

Қоғамдық қызметім экологияны қорғау, тарихи-мәдени мұраны сақтау, жастарды қолдау, инклюзивті бастамаларды дамыту және жергілікті қауымдастықтардың әлеуетін арттырумен тығыз байланысты. Осы бағыттың барлығы азаматтық жауапкершілікті күшейтіп, қоғамның белсенділігін арттыруға негіз болады.

Жаңа Конституция азаматтық қоғамның рөлін нығайтады. Өйткені елдің дамуы әр адамның белсенділігіне, бастамасына және жауапкершілігіне байланысты. Әрбір азамат өзін ел тағдырына ортақ деп сезінгенде ғана мемлекетіміздің болашағы жарқын болады.

Мен Қазақстанды әділетті, ашық, адамға бағытталған, табиғатын аялаған, жастарға мүмкіндік беретін мемлекет ретінде көргім келеді. Еліміздегі саяси үдеріс өзегінде балаларымыз таза табиғатта өмір сүріп, сапалы білім алып, өз елінде болашағына сеніммен қарайтын қоғам қалыптасады. Бүгінгі өзгерістер тек заң жүзінде ғана емес, адамдардың санасы мен жүрегінде де орын алуы керек. Өйткені еліміздің ертеңі – бәрімізге ортақ жауапкершілік.

**Динара БАҚИРОВА,**
**«Алтын Адам Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігінің президенті**

КҮРЕТАМЫР




● Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ ●

# САПАР САПАЛЫ ЖОЛДАН БАСТАЛАДЫ

Соңғы жылдары көлік инфрақұрылымын жаңғырту бағытында аудандық және облыстық маңызы бар автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – Жансүгір мен Ақсу ауылдары арасын жалғайтын автокөлік тас жолдарында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары. Газет тілшілері сол учаскедегі құрылыс істерін көріп қайтты.

Айгүл БАЙБОСЫН

Байқағанымыздай, құрылыс алаңындағы жұмыстар бүгінде қыза түскен. Жол саласы мамандары жаз айының ыстығына қарамастан еңбек көрігін қыздырып, белгіленген кестеге сай міндеттерін мінсіз орындауда. Заманауи техникалар да кеңінен тартылып, құрылыс қарқынын арттыра түскен.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Айдос Досжановтың айтуынша, екі елді мекен ортасындағы жол құрылысының жалпы ұзындығы 30 шақырым. Бұл учаскедегі орташа жөндеу жұмыстары 2024 жылы басталған. Құрылыс жұмыстарының мердігері – «Жетісу жол құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Аталған 30 шақырымның 11 шақырымы толықтай жаңа асфальт жамылғысымен жабылып, негізгі құрылыс жұмыстары аяқталды. Қазіргі таңда бұл бөліктерде жол жиектерін нығайту, жол белгілерін орнатып, таңбаларын сызу сияқты жұмыстар атқарылуда. Ал қалған бөліктерінде ескі жолды жаңарту, негізін дайындау және асфальт төсеуге дайындық жұмыстары қарқын алған. Барлық құрылыс жоспарға сәйкес іске асырылуда. Егер ауа райы қолайлы болса, қазан айының соңына дейін жол құрылысы толық аяқталып, пайдалануға беріледі.

Тұрғындар үшін маңызы ерекше жолға отыз жыл бойы жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Соның салдарынан жолдың тозығы жетіп, көптеген жері ойылып, көлік қозғалысына қолайсыз жағдай туғызған. Әсіресе көктем мен күз мезгілдерінде жүргізушілер үшін қиындық көп болғанын жергілікті халық жақсы біледі.

Бүгінде жол құрылысы барлық технологиялық талаптарға сай атқарылуда. Алдымен әбден ескірген асфальт қабаты арнайы техникалардың көмегімен қырылып алынады. Кейін жол табаны тегістеліп, нығыздалып, қажетті негіз дайындалған соң жаңа асфальт жамылғысы төселеді. Мұндай тәсіл жолдың ұзақ жыл бойы сапасын сақтауға мүмкіндік береді.

Жоба аясында тек жол жабыны ғана емес, соның бойындағы инженерлік нысандар да жаңартылуда. Осы уақытқа дейін 13 су өткізгіш құбыр толықтай ауыстырылып, жаңадан орнатылған. Бұл көктемгі қар суы мен жауын-шашын кезінде жолдың бұзылуының алдын алып, ұзақ мерзімге қызмет етуіне ықпал етеді.

*(Соңы 2-бетте)*



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

# СУАРУ ТОЛАСТАМАЙДЫ

Қаланы көркейту көше бойына ағаш отырғызумен ғана шектелмейді. Жасыл желекті күтіп-баптау, көгалдарды уақытылы суару, арық жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету – шаһардың экологиялық ахуалы мен тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін маңызды міндет. Осы бағыттағы жұмыстардың барысымен танысу мақсатында Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің мамандарымен бірге бірнеше нысанды араладық.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ

Алғашқы аялдама – Қаратал өзенінің жағалауындағы демалыс аймағы. Бүгінде мұнда заманауи автоматты суару жүйесі толық іске қосылып, жасыл желекті күтіп-баптау ісі жаңа деңгейге көтерілген. Жобаны жүзеге асырған «КАМИЛА» ЖШС нысандағы суару жүйесін толық пайдалануға берген. Серіктестік өкілі Мұрат Сақыптың айтуынша, Қаратал жағалауындағы автоматты суару жүйесін орнатуға 300 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Жүйе толықтай компьютер арқылы басқарылады. Көгалдар тәулігіне екі рет, әрбір учаскеге жеті-сегіз минут уақыт бөлініп, алты сағат ішінде барлық аумақ толық суарылады. Су қысымы да талапқа сай болғандықтан жүйе үздіксіз әрі тұрақты жұмыс істеп тұр.

Заманауи технологияның басты артықшылығы – су ресурстарын үнемдеп, адам еңбегін жеңілдетуі. Соның нәтижесінде қаланың жасыл белдеуі уақытылы күтімге ие болып, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптасуда.

Бұл жұмыстардың алдағы жоспары туралы қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов айтып берді.

*– Қаламызда жасыл желекті күтіп-ұстау және су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында автоматты суару жүйесін кезең-кезеңімен енгізіп келеміз. Қазір шаһарда 40 сквер мен 5 саябақ бар. Соның 21-і автоматты суару жүйесіне қосылған. Биыл бұл бағыттағы жұмыстар тағы үш саябақта жүргізілуде. Оның бірі – Қаратал жағалауы. Жастар саябағындағы жұмыстар аяқталуға жақын. Осы айдың соңында,«Ардагерлер» саябағында да автоматты суару жүйесі іске қосылады. Қаладағы арық желілерінің жалпы ұзындығы – 374 шақырым. Қазіргі таңда оларды күтіп-ұстау және су бұру жұмыстарын «Energy Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқарып келеді,* – дейді ол.

Бұдан кейін жұмыс тобы Назарбаев көшесі бойындағы арық желілерінің жай-күйімен танысты. Мамандардың айтуынша, арықтарға тасталатын тұрмыстық қалдықтар мен түрлі қоқыс бір күннің ішінде қайта жиналып үлгереді. Соның салдарынан су ағысына кедергі келіп, жүйенің қалыпты жұмысына әсер етеді. Осыған байланысты коммуналдық қызмет мамандары күн сайын арықтарды тазалап, су өткізу арналарының қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді. Бір тәуліктің өзінде елуге жуық тапсырма орындалады.

Таза көше, жайқалған жасыл желек, күтімі келіскен саябақтар мен үздіксіз жұмыс істейтін инфрақұрылым – өркениетті қаланың басты белгісі. Автоматты суару жүйесін кеңінен енгізу мен арық желілерін тұрақты күтіп-ұстау бағытындағы жұмыстар Талдықорғанның көркін келтіріп қана қоймай, экологиялық мәдениеттің де жаңа деңгейге көтеріліп келетінін аңғартады.

ЕГІНЖАЙ

# АСТЫҚ ЖИНАУ ҚАРҚЫНДЫ

Ақсу ауданында егін жинау науқаны қарқынды жүріп жатыр. Диқандар қолайлы ауа райын тиімді пайдаланып, алтын дәнді ысырапсыз жинауға жұмылса, мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтар қысқы мал азығын қамдауды қатар жүргізуде.

Гүлжан ТҰРСЫН

Биыл аудан бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары 62 172,77 гектар алқапқа егіліп, жоспар толық орындалды. Оның ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 30 мың 280 гектарға себіліп, жоспар 104,2 пайызға орындалған.

Бүгінге дейін жиналуға тиіс 19 мың 71 гектар дәнді дақылдың 1 785 гектары немесе 9,4 пайызы орылып, 3 878 тонна астық бастырылды. Орташа өнімділік гектарына 21,8 центнерді құрап отыр. Бұл көрсеткіш аудан диқандарының егін өсірудегі еңбегінің нәтижесін аңғартады.

Негізгі дақылдардың ішінде күздік бидайдың 7 мың 25 гектарының 2 380 гектары жиналып, 5 140,8 тонна өнім алынды. Орташа өнімділігі гектарына 21,6 центнер болды. Ал жаздық арпаның 12 мың 46 гектарының 1 480 гектары орылып, 3 256 тонна астық бастырылып, орташа өнімділігі гектарына 22 центнерге жетті.

Ауданда тек дәнді дақылдар ғана емес, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру жұмыстары жоспарға сай жүргізілді. Майлы дақылдар 13 406 гектарға, қант қызылшасы 2 600 гектарға орналастырылса, картоп 500,8 гектарға, көкөніс 217,6 гектарға, бақша дақылдары 219,37 гектарға егілді.

Егін орағымен қатар қысқы мал азығын дайындау жұмыстары да қарқын алған. Биыл аудан бойынша 412,2 мың тонна мал азығын дайындау жоспарланған. Қазіргі таңда оның 100,6 мың тоннасы әзірленіп, жоспардың 24,4 пайызы орындалды.

Атап айтқанда, 243,5 мың тонна шөп дайындау жоспарының 68,1 мың тоннасы жиналып, 28 пайызы орындалды. Пішендеме толық көлемде дайындалып, жоспар 100 пайызға орындалса, сабан дайындау жұмыстары да жалғасып, бүгінге дейін 3 мың тонна немесе жоспардың 6,9 пайызы жиналды.

Шабындық алқаптарда да жұмыс қызу. Көпжылдық шөптің 12 мың 756 гектары шабылып, 38 мың 368 тонна өнім жиналды. Сонымен қатар біржылдық шөптің 1 480 гектарынан 3 700 тонна мал азығы дайындалды.

Қазіргі таңда Ақсу ауданында егін жинау мен мал азығын дайындау жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жалғасуда. Ауыл шаруашылығы құрылымдары заманауи техниканың мүмкіндігін тиімді пайдаланып, қолайлы ауа райын ұтымды қолдану арқылы науқанды сапалы әрі қысқа мерзімде аяқтауды көздеп отыр. Ақсу аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Ерлан Османбековтің айтуынша, биылғы науқан белгіленген жоспарға сай ұйымдастырылып, барлық ауыл шаруашылығы құрылымдары егінді шығынсыз жинауға және қысқы мал азығын уақытылы дайындауға күш салып отыр.

*– Қазіргі таңда ауданда егін орағы мен мал азығын дайындау жұмыстары қатар жүргізілуде. Біздің басты мақсатымыз – өсірілген өнімді ысырапсыз жинап алу, алдағы қыс маусымына жеткілікті мал азығын дайындау және науқанды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтау. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты бақылауда,* – дейді бөлім басшысы Ерлан Тұрарбекұлы.



# САПАР САПАЛЫ
## ЖОЛДАН БАСТАЛАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Құрылыс жұмыстарына қажетті арнайы техникалар мен құрал-жабдықтар толық жұмылдырылған. Асфальт төсегіштер, жол тегістегіштер, катоктар, жүк көліктері, басқа да арнайы техникалар күн сайын құрылыс алаңында тоқтаусыз еңбек етуде. Мамандар уақытпен санаспай қызмет көрсетіп, нысанды белгіленген мерзімде аяқтауға күш салуда.

Жансүгір мен Ақсу арасындағы жолдың жаңаруы – жергілікті халық үшін көптен күткен қуанышты жаңалық.

*– Жөндеу жұмыстарының жүргізілгеніне шынайы қуанамыз. Бұрын жолдың жағдайы қатынауға қиындық туғызатын. Қазір ауыл ішінде жүру де, қатынау да әлдеқайда ыңғайлы әрі қауіпсіз. Осы жұмыстардың жүзеге асуына үлес қосқан барлық азаматқа алғысымыз шексіз. Игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз,* – дейді ауыл тұрғыны Жібек Әсетқызы.

Ойтоған мен Ақсу ауылдары арасындағы 20 шақырым жолдың құрылыс жұмыстары да қарқын алып келеді. Жобаға сәйкес биыл аталған учаскенің 5 шақырымы жөнделсе, қалған 15 шақырымын келесі жылы жаңарту жоспарланған. Осылайша, жол құрылысы толық аяқталып, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы қатынауына мүмкіндік жасалмақ. Бұған қоса Ойтоған мен Матай ауылдары арасындағы автокөлік жолдарын жаңарту мәселесі де кезең-кезеңімен шешімін табады. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы жылдары жоспарға сәйкес іске асырылып, ауылдар арасындағы көлік қатынасының сапасын жақсартуға оң ықпал етеді. Бұдан бөлек, біз өңірде Балқаш көлі жағалауындағы туризмді дамыту бағытында инфрақұрылымды жетілдіру жұмыстарының жүйелі түрде жүзеге асырылу үстінде екенін де көріп қайттық. Осы мақсатта Көлтабан, Матай және Лепсі ауылдарындағы демалыс орындарында санитарлық-гигиеналық тораптар мен заманауи демалыс алаңдары салынып, қолданысқа өткен. Бүгінде автокөлік жолы бойында орналасқан жаңа үлгідегі санитарлық-гигиеналық кешендер толықтай пайдалануға беріліп, тұрғындар мен туристер игілігіне қызмет көрсетуде.

Нысандардың ішінде келушілерге қолайлы жағдайдың барлығы қарастырылған. Атап айтқанда, ана мен балаға арналған арнайы бөлме, қажетті азық-түлік сатылатын сауда орны жұмыс істейді. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтардың емін-еркін кіріп-шығуына және қызметті кедергісіз пайдалануы үшін жағдайлар қарастырылған. Аталған жобалар өңірдің туристік әлеуетін арттырумен қатар Балқаш көліне келетін демалушыларға сапалы қызмет көрсетіп, қолайлы әрі жайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік берген.

*– Балқаш көліне баратын 110 шақырым автокөлік жолын жөндеу жұмыстары биыл толық аяталады. Өздеріңіз білетіндей, бұл жолдар асфальтталып, қозғалысқа берілді. Бүгінгі таңда Моллалы айналма жолынан Лепсі ауылына баратын жол бойын абаттандыру, жол белгілерін орнатып, таңбаларын сызу, жол жиектерін нығайту сияқты жұмыстар жүзеге асырылуда. Жол жағасында төрт демалыс аймағы, автокөліктерді тексеруге және жөндеуге арналған эстакадалар да бар,* – дейді баскарма басшысының орынбасары Айдос Манасұлы.

Жаңарған жол ауылдар арасындағы байланысты нығайтып, жолаушылар мен жүк тасымалының қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Халық игілігіне бағытталған мұндай жобалардың уақытылы әрі сапалы жүзеге асуы – барша жұрттың ортақ тілегі.

*Ақсу ауданы*



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ПАРТИЯЛАР НАЗАРЫНА!

# Ақпараттық хабарлама

«Jetisý» газетінің (бұдан ары – газет) меншік иесі ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» Конституциялық Заңының 28-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының саяси партияларына (бұдан әрі – Партия) сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастырудың шарттары мен ақы мөлшерін хабарлайды.

**Газеттің басылым алаңдарын берудің жалпы шарттары мен тәртібі**

Газет үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін басылым алаңдарын береді.

Газеттен басылым алаңдарын беру газеттің меншік иесі мен партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялардың сенімді өкілі арасында үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған басылым алаңын беруге жасалған келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарттың формасы мен тиісті құжаттар жазбаша өтініш тапсырылған кезде қоса беріледі. Мұндай келісімшарт жасау үшін саяси партиялардың сенімді өкілдері газеттің меншік иесіне келесі ақпараттарды көрсете отырып, жазбаша өтініштен шығады:

1) партиялық тізімнің ұсынылғанын дәлелдейтін құжаттың көшірмесі;

2) саяси партияның уәкілетті өкілінің құзыретін дәлелдейтін құжаттың көшірмесі;

3) үгіттік материалдардың түрі, алатын алаңының жоспарланған көлемі көрсетілген жазбаша өтініш мазмұны;

4) қағаз (уәкілетті өкілдің көрсетілген әр парақтағы қойылған қолымен) және электронды тасымалдаушыдағы үгіттік материалдың мәтініне түсіндірме;

5) өтініш беруші саяси партияның уәкілетті өкілінің жеке бас куәлігінің көшірмесі.

Газетке жазбаша өтініш осы ақпараттық хабарлама негізінде 2026 жылдың 17 шілдесінен бастап 2026 жылдың 19 тамызына дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайынғы сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат мекенжайы бойынша қабылданады.

Жарияланымдарда ақпаратты берген тұлғаның аты-жөні, тегі, қаржыландыру көздер, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, олардың төленуі туралы ақпараттар болуға тиісті.

Баспалық материалдарды орналастырудың кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу реттілігіне байланысты газетпен белгіленеді. Бірнеше саяси партия атынан жазылған өтініштер бір мезетте түскен жағдайда газет тарапынан дәл сол күні жеребе өткізіледі. Жеребеге баспалық материалдарды орналастыру кезектілігіне таласушы саяси партиялардың уәкілетті өкілдері мен таластың тәуелсіз тарабы ретінде БАҚ өкілі қатысады. Саяси партиялардың әрбір уәкілетті өкіліне ішінде баспалық материалды орналастырудың мерзімі көрсетілген, мөрленген конвертті таңдау ұсынылады. Конверттер саны талаcқа қатысушылардың санымен тең болады. Жеребе аяқталғаннан кейін талаcқа қатысушылар мен БАҚ өкілі жеребе хаттамасына қолдарын қояды. Жеребе нәтижесі (хаттаманың көшірмесі) тиісті сайлау комиссиясына тапсырылады.

**Үгіттік баспа материалдарын берудің тәртібі**

Газетке үгіттік баспа материалдары газет жарық көретін датаға 3 (үш) күнтізбелік күн қалғанға дейін модульдер немесе мақалалар түрінде тапсырылуға тиісті.

Газет материалдарда конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігін бүлдіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық алауыздық тудыруға, сондай-ақ, заңмен қарастырылмаған және заңмен қарастырылған, тағы басқа да негіздерде әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары көрініс берген жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартады.

Газет саяси партиялардың абыройы мен қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпараттар болған жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген басылым алаңдарын берудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талабына сай түзетілуі мүмкін.

**Газеттің басылым алаңдарын төлеудің тәртібі мен мөлшері**

Үгіттік материалдарды орналастыруға арналған басылым алаңдарының бағасы:

– Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының саяси партиялары үшін ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланатын беттерге модуль орналастырудың 1 шаршы см. үшін 850 теңге;

– Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының саяси партиялары үшін ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланатын беттерге мақала орналастырудың 1 шаршы см. үшін 850 теңге;

– Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының саяси партиялары үшін ҚҚС-ты қоса алғанда газет сайтқа жарияланатын мақалалар, модуль орналастыру 250 мың теңге;

– Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының саяси партиялары үшін ҚҚС-ты қоса алғанда сайттың әлеуметтік парақшаларына (Instagram, TikTok, YouTube, Facebook) модуль, бейнеүзік, банер, т.с.с. орналастыру 30 мың теңге.

Төлем серіктестік берген есепшот негізінде сол есепшот берілген күннен басталатын 5 (бес) күн ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген серіктестіктің банктік реквизиттеріне төленеді.

ЖАЙДАРМАН

# Қолайлы өмір кепілі

**Талдықорғанда тағы бір көпқабатты үй табиғи газға көшірілді. «Көктем» ықшамауданындағы №14 үй көгілдір отынға қосылды. Мамандар пәтерлерде іске қосу, реттеу жұмыстарын жүргізіп, жабдықтардың дұрыстығын тексеріп, газды қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндірді.**

Айгүл БАЙБОСЫН

Қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтың айтуынша, облыс орталығындағы тұрғын үй қорын табиғи газға ауыстыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда және коммуналдық инфрақұрылымды дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

*– Қалада газдандыру 2016 жылы басталды, ал тұрғындарды табиғи газға қосу 2017 жылы жүзеге асты. Шаһардағы газ құбырларының жалпы ұзындығы 1261,9 шақырым, газдандыру деңгейі – 90,3%. Қазіргі уақытта 41935 тұтынушы табиғи газ желісіне қосылған, тағы 54469 пайдаланушыны қосу жоспарланып отыр,* – дейді қала әкімінің орынбасары.

Айтуынша, 2022 жылы 2106 тұтынушы табиғи газ желісіне қосылу мүмкіндігіне ие болды. Ал 2023 жылы 5493 тұтынушы, 2024 жылы 830 тұрғын үй көгілдір отынға қол жеткізді. 2025 жылы «Жастар-3» тұрғын үй алабында 25 шақырым газ желісінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Биыл «Алмалы» және «Балықты» саяжай алқаптарында газ құбырларының құрылысы жалғасуда. Талдықорғанда 864 көппәтерлі тұрғын үй бар, оның 422-сі табиғи газға қосылған. Тағы 123 үй сұйытылған газбен қамтамасыз етілген.

*– Жүргізілген жұмыстардың арқасында жыл сайын табиғи газға көшірілген үй саны артып келеді. Осылайша, Талдықорған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі құрылғаннан бері 2024 жылы көгілдір отынға 27, 2025 жылы тағы 28 көппәтерлі үй қосылған. Биыл қала әкімдігі бекіткен кестеге сәйкес 15 көппәтерлі тұрғын үй табиғи газға көшірілді. Қазіргі уақытта «Көктем» шағынауданындағы 14 пәтерлі №60 үйді қосу жұмыстары жалғасуда,* – дейді Қуаныш Бақытұлы.

Талдықорғандағы газдандыру деңгейі қалған көппәтерлі, жеке тұрғын үйлер мен саяжай массивтерін қосқаннан кейін екі жыл ішінде 99%-ға жетеді деп күтілуде. Табиғи газға қосылған №14 үйдің тұрғындары өз қуаныштарымен бөлісті. Солардың бірі 72 жастағы Берікбол Атағозин:

*– Бұл үйге біз 2021 жылы алғаш рет пайдалануға берген кезде қоныстандық. Осы жылдар ішінде сұйытылған газды қолдандық. Туыстарымыз бен таныстарымыздан табиғи газдың артықшылықтары туралы талай естіп, оның ыңғайлы әрі үнемді екенін білдік. Соңғы екі жылда біздің үй тұрғындары пәтерлерді қосу үшін қаражат жинай бастады. Ал бүгінде ортақ арманымыз орындалды. Бұл тұрғындардың бастамашылдығы мен бірлігінің арқасында мүмкін болды. Осы жұмыстың ұйымдастырылуына үлкен үлес қосқан Аққайше Алтынбекқызына ерекше алғысымды білдіремін. Үй тұрғындарының атынан қосылуға көмек көрсеткен мемлекеттік органдар мен мамандарға алғыс айтамын,* – дейді.

Жалпы, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының газдандыру бөлімінің басшысы Азамат Кемеловтың айтуынша, 2030 жылға дейінгі өңірлік газдандыру жоспарына сәйкес Жетісу облысындағы 356 елді мекеннің 210-ы газдандырылуға тиіс. Облыс құрылғанға дейін табиғи газға тек 5 елді мекеннің қолжетімділігі болған, ал газдандыру деңгейі небәрі 27%-ды құраған.

Соңғы үш жылда бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілді. Бүгінгі таңда аймақтағы 110 елді мекен табиғи газбен қамтамасыз етілді. Газдандыру деңгейі 67%-ға жетті, ал облыстың 650 мыңнан астам тұрғыны көгілдір отынға қол жеткізді. Ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – ұзындығы 302 шақырым «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбырының құрылысы және алты автоматтандырылған газ тарату стансысын (АГТС) орнату болды. Үйлесімді жұмыстың арқасында жоба өткен жылы нормативтік мерзімнен бір жыл бұрын іске асырылды. Бұл Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарын газдандыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта облыстың 16 елді мекенін газдандыру бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғасуда. Оның 12-сі Панфилов ауданында, 3-еуі Қаратал ауданында және 1 елді мекен – Ескелді ауданының Жалғызағаш ауылында орналасқан. Жұмысты жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Нәтижесінде газдандырылған елді мекендердің саны 126-ға дейін артады. Газ инфрақұрылымын одан әрі кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жеке инвестициялар есебінен Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының 84 елді мекенін газдандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Бүгінгі таңда жобалар мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды. Құрылыс-монтаж жұмыстарының басталуы 2027 жылға, аяқталуы 2028 жыл соңына жоспарланған.

Аймақта табиғи газды тұтыну жыл сайын өсіп келеді. Соңғы екі жылда көгілдір отынға деген сұраныс екі есеге артты. Осыған байланысты өткен жылы «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырының екінші желісін салу жобасын әзірлеу туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта жоба әзірлену сатысында, биылғы шілде айында мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу күтілуде. Аталған жобаларды іске асыру халықты газбен сенімді жабдықтауды қамтамасыз етуге, аймақ тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қосымша жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

**«DriveStore» ЖШС** хабарлайды, Жетісу о., Алакөл а., Үшбұлақ а., (Мәдениет үйі) – Б. Жансеитов көшесі ,4 үйде ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

**Сағат 11.00-де 2026 жылғы 18 тамызда.** Жобалық құжаттама: Қызыл Тал учаскесіндегі барлау жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп.

https://us05web.zoom.us/j/85359379990?pwd=fTgBOUiKcgf7RH3dgbbd716G4u0PiD.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 853 5937 9990. Қол жеткізу коды: 1ZXNJi.

**Сағат 12.00-де 2026 жылғы 18 тамызда.** Жобалық құжаттама: шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, 2026-2027 жылдарға арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

https://us05web.zoom.us/j/89993392267?pwd=MLnw3cr4DAc5ghoul165BfkgmeYzeK.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 899 9339 2267. Қол жеткізу коды: 8yGf25. Әсер ету радиусы – Алакөл ауданы аумағында (координаттары: ендік 45°49′00″; бойлық 81°25′00″). Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін мерзімге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі. Мекенжайы: Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к., 26 эл. пошта priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «DriveStore» ЖШС. БСН 250540023116. Алматы, Мұрат Мөңкеұлы, 159-үй. Ж.т.: +7 (707) 227 9222, email: drivestore @mail.ru. Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Қонаев даңғылы, 14/1-82. тел.:8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Жобалық құжаттама пакетімен https://nbdecology.gov.kz сайтта танысуға болады «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

ТОО «DriveStore» сообщает, что по адресу: Жетісу о., Алакольский р., с. Ушбулак, ул. Б. Жансеитова д. 4 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

**В 11 час. 00 мин. 18 августа 2026 года.** Проектная документация: План разведки на участке Кызыл Тал, Отчет о возможных воздействиях.

https://us05web.zoom.us/j/85359379990?pwd=fTgBOUiKcgf7RH3dgbbd716G4u0PiD.1

Идентефикатор конференции ID: 853 5937 9990. Код доступа: 1ZXNJi.

**В 12 час. 00 мин. 18 августа 2026 года.** Проектная документация: Проект нормативов выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий на период 2026-2027 г.

https://us05web.zoom.us/j/89993392267?pwd=MLnw3cr4DAc5ghoul165BfkgmeYzeK.1

Идентефикатор конференции ID: 899 9339 2267. Код доступа: 8yGf25. Радиус воздействия – на территории Алакольского района (координаты: широта 45°49′00″; долгота 81°25′00″). Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования области Жетісу», по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, 26, эл. адрес priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «DriveStore» БИН 250540023116. Алматы, мкр. ул. Мұрат Мөңкеұлы, д. 159. Р.т.: +7 (707) 227 9222, email: drivestore @mail.ru. Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г. Астана, пр. Кунаева, 14/1-82. Тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте https://nbdecology.gov.kz/ в разделе «Общественные слушания».

**«Silkway Gold Company» ЖШС** хабарлайды, Жетісу о., Алакөл а., Көктума а., Хамза Бектуров к., 2/2 (Мәдениет үйі) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

**Сағат 10.00-де 2026 жылғы 19 тамызда.** Жобалық құжаттама: Жаманты учаскесіндегі барлау жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп.

https://us05web.zoom.us/j/89376479437?pwd=gJoWmC6jSi3GUaCtaSiizBvi68li7s.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 893 7647 9437. Қол жеткізу коды: 6cbArz.

**Сағат 11.00-де 2026 жылғы 19 тамызда.** Жобалық құжаттама: шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, 2026-2027 жылдарға арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

https://us05web.zoom.us/j/84115274275?pwd=Obve5mHGkryrd5Qvh8iswh74hhdVJQ.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 841 1527 4275. Қол жеткізу коды: 4tGfYa. Әсер ету радиусы – Алакөл ауданы аумағында (координаттары: ендік 45°52′00″; бойлық 81°29′00″). Барлық ескертулер және/немесе ұсыныс «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін мерзімге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекенжайы: Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к., 26 email: priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Silkway Gold Company» ЖШС. БСН 250540004833. Астана қ, Ақмешіт к, 7/1 үй. Ж.т.: 8-701 4449895, email: alivseok@mail.ru. Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Қонаев даңғылы, 14/1-82. тел.: 8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Жобалық құжаттама пакетімен https://nbdecology.gov.kz сайттағы «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

ТОО «Silkway Gold Company» сообщает, что по адресу: Жетісу о., Алакольский р., с. Коктума ,ул. Хамза Бектурова, 2/2 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

**В 10 час. 00 мин. 19 августа 2026 года.** Проектная документация: План разведки на участке Джаманты, Отчет о возможных воздействиях.

https://us05web.zoom.us/j/89376479437?pwd=gJoWmC6jSi3GUaCtaSiizBvi68li7s.1

Идентефикатор конференции ID: 893 7647 9437. Код доступа: 6cbArz.

**В 11 час. 00 мин. 19 августа 2026 года.** Проектная документация: Проект нормативов выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохраңых мероприятий на период 2026-2027 г.

https://us05web.zoom.us/j/84115274275?pwd=Obve5mHGkryrd5Qvh8iswh74hhdVJQ.1

Идентефикатор конференции ID: 841 1527 4275. Код доступа: 4tGfYa. Радиус воздействия – на территории Алакольского района (координаты: широта 45°52′00″; долгота 45°52′00″). Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования области Жетісу», по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, 26 email: priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Silkway Gold Company». БИН 090240000101. г. Астана, улица Ақмешіт, д. 7/1. Р.т.: 8-701 4449895, email: alivseok@mail.ru. Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г. Астана, пр. Кунаева 14/1-82. Тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте https://nbdecology.gov.kz/ в разделе «Общественные слушания».

**«Aspan Kazyna» ЖШС** хабарлайды, Жетісу о., Алакөл а., Сапак а., Тәуелсіздік, 54 (Әкімдіктің мәжіліс залы). Ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

**Сағат 15.00-де 2026 жылғы 18 тамызда.** Жобалық құжаттама: Тентек Герасимовский учаскесіндегі барлау жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп.

https://us05web.zoom.us/j/88972272057?pwd=Z7L7pGYZAHHBaR4BnN6uyJuAeghOZy.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 889 7227 2057. Қол жеткізу коды: 7SSx82

**Сағат 16.00-де 2026 жылғы 18 тамызда.** Жобалық құжаттама: шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары 2026-2027 ж. арналған.

https://us05web.zoom.us/j/82211934911?pwd=gba7OzbtSF0O5mbF1EYkB34zEjuCFx.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 822 1193 4911. Қол жеткізу коды: 9gcX7Z. Әсер ету радиусы – Алакөл ауданы аумағында (координаттары: ендік 45°50′00″; бойлық 80°53′00″). Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін мерзімге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі. Мекенжайы: Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к., 26 эл. пошта priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Aspan Kazyna» ЖШС. БСН 231140021174. Алматы қ., «Жетісу» ықшамауданы 4, үй 21. Ж.т.: +7 (701) 444 98 95, email: aspankazyna@mail.ru. Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Қонаев даңғылы, 14/1-82. Тел.:8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Жобалық құжаттама пакетімен https://nbdecology.gov.kz сайтта танысуға болады «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

ТОО «Aspan Kazyna» сообщает, что по адресу: Жетісу о., Алакольский р., с. Сапак, ул. Тәуелсіздік, 54 (Актовый зал Акимата) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

**В 15 час. 00 мин. 18 августа 2026 года.** Проектная документация: План разведки на участке Тентек Герасимовский, Отчет о возможных воздействиях.

https://us05web.zoom.us/j/88972272057?pwd=Z7L7pGYZAHHBaR4BnN6uyJuAeghOZy.1

Идентефикатор конференции ID: 889 7227 2057. Код доступа: 7SSx82

**В 16 час. 00 мин. 18 августа 2026 года.** Проектная документация: Проект нормативов выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохраңых мероприятий на период 2026-2027 г.

https://us05web.zoom.us/j/82211934911?pwd=gba7OzbtSF0O5mbF1EYkB34zEjuCFx.1

Идентефикатор конференции ID: 822 1193 4911. Код доступа: 9gcX7Z. Радиус воздействия – на территории Алакольского района (координаты: широта 45°50′00″; долгота 80°53′00″). Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования области Жетісу», по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, 26, эл. адрес priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Aspan Kazyna» БИН 231140021174. Алматы, мкр. Жетісу 4, д. 21. Р.т.: +7 (701) 444 98 95, email: aspankazyna@mail.ru. Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г. Астана, пр. Кунаева, 14/1-82. Тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. С пакетом проектной документации можно ознакомиться сайте https://nbdecology.gov.kz/ в разделе «Общественные слушания».

**«Roockpoint» ЖШС** хабарлайды, Жетісу о., Алакөл а., Көктұма а., Хамза Бектуров к., 2/2 (Мәдениет үйі) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

**Сағат 12.00-де 2026 жылғы 19 тамызда.** Жобалық құжаттама: Семерлы учаскесіндегі барлау жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп.

https://us05web.zoom.us/j/85719782695?pwd=Imv8UAtz4bKuxD86M2helFokKrZV3F.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 857 1978 2695. Қол жеткізу коды: 9edTRH.

**Сағат 12.30-да 2026 жылғы 19 тамызда.** Жобалық құжаттама: шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, 2026-2027 жылдарға арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

https://us05web.zoom.us/j/86802417332?pwd=Xx0OOE1Nwy0U0Fk5ASZ2SDcWaHx3bA.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 868 0241 7332. Қол жеткізу коды: 7EZzYM. Әсер ету радиусы – Алакөл ауданы аумағында (координаттары: ендік 45°48′00″; бойлық 81°35′00″).

Барлық ескерту және/немесе ұсыныс «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін мерзімге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекенжайы: Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к., 26 эл. пошта priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Roockpoint» ЖШС. БСН 250840008708. Алматы о., Қарасай а., Қаскелең қ., ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл к. 47 үй. Ж.т.: 8 707 1582858 email: alivseok@mail.ru. Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Қонаев даңғылы, 14/1-82. Тел.:8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Жобалық құжаттама пакетімен https://nbdecology.gov.kz сайтта танысуға болады «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

ТОО «Roockpoint» сообщает, что по адресу: Жетісу о., Алакольский р., с. Коктума, ул Хамза Бектурова, 2/2 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

**В 12 час. 00 мин. 19 августа 2026 года.** Проектная документация: План разведки на участке Семерлы, Отчет о возможных воздействиях.

https://us05web.zoom.us/j/85719782695?pwd=Imv8UAtz4bKuxD86M2helFokKrZV3F.1

Идентефикатор конференции ID: 857 1978 2695. Код доступа: 9edTRH.

**В 12 час. 30 мин. 19 августа 2026 года.** Проектная документация: Проект нормативов выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохраңых мероприятий на период 2026-2027 г.

https://us05web.zoom.us/j/86802417332?pwd=Xx0OOE1Nwy0U0Fk5ASZ2SDcWaHx3bA.1

Идентефикатор конференции ID: 868 0241 7332. Код доступа: 7EzzYM. Радиус воздействия – на территории Алакольского района (координаты: широта 45°48′00″; долгота 81°35′00″).

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования области Жетісу», по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, 26, эл. адрес priroda@zhetysu.gov.kz тел.: +7 (7282) 32-93-83. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Roockpoint» БИН 250840008708. Алматинская о. , Карасайский р/н, г. Каскелен ул. ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл, д. 47. Р.т.: 8 707 1582858 email: alivseok@mail.ru. Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г. Астана, пр. Кунаева, 14/1-82. Тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте ttps://nbdecology.gov.kz/ в разделе «Общественные слушания».

**«Alatau Timer» ЖШС** хабарлайды Жетісу о., Алакөл а., Токжайлау а., Богенбай батыр к., 140 «А» (Мәдениет үйі) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

**Сағат 15.00-де 2026 жылғы 19 тамызда.** Жобалық құжаттама: Шет Тентек учаскесіндегі барлау жоспары, ықтимал әсерлер туралы есеп.

https://us05web.zoom.us/j/88598728102?pwd=UeOaFkjZmWWF4ogHzWa8PnE8zfSOiI.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 885 9872 8102. Қол жеткізу коды: 3AnYX3

**Сағат 15.00-де 2026 жылғы 19 тамызда.** Жобалық құжаттама: шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары 2026-2027 ж. арналған.

https://us05web.zoom.us/j/83414122594?pwd=1cY6tBHCbeAdgmdpsaj2K4tD782I3j.1

Конференцияның идентефикаторы ID: 834 1412 2594. Қол жеткізу коды: 0JRim7. Әсер ету радиусы – Алакөл ауданы аумағында (координаттары: ендік 45°48′00″; бойлық 81°06′00″).

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін мерзімге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекен-жайы: Талдықорған қ, Қабанбай Батыр к, 26 эл. пошта priroda@zhetysu.gov.kz тел. +7 (7282) 32-93-83. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Alatau Timer» ЖШС. БСН 250540000840. Алматы, Карасу шағынауданы, Мұрат Мөңкеұлы к, 159. Ж.т.: +7 (707) 227 9222, email: alatautaimer@mail.ru. Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Конаев пр 14/1-82. тел.:8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Жобалық құжаттама пакетімен https://nbdecology.gov.kz сайтта танысуға болады «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

ТОО «Alatau Timer» сообщает, что по адресу: Жетісу о., Алакольский р., с. Токжайлау ул., Богенбай батыр 140 «А» (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

**В 15 час. 00 мин. 19 августа 2026 года.** Проектная документация: План разведки на участке Шет Тентек, Отчет о возможных воздействиях.

https://us05web.zoom.us/j/88598728102?pwd=UeOaFkjZmWWF4ogHzWa8PnE8zfSOiI.1

Идентефикатор конференции ID: 885 9872 8102. Код доступа: 3AnYX3.

**В 15 час. 30 мин. 19 августа 2026 года.** Проектная документация: Проект нормативов выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий на период 2026-2027 г.

https://us05web.zoom.us/j/83414122594?pwd=1cY6tBHCbeAdgmdpsaj2K4tD782I3j.1

Идентефикатор конференции ID: 834 1412 2594. Код доступа: 0JRim7. Радиус воздействия – на территории Алакольского района (координаты: широта 45°48′00″; долгота 81°06′00″). Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования области Жетісу», по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, 26 эл. адрес priroda@zhetysu.gov.kz тел. +7 (7282) 32-93-83. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Alatau Timer» БИН 250540000840. Алматы, мкр. Карасу, ул. Мұрат Мөңкеұлы, д. 159. Р.т.: 7 (707) 227 9222, email: alatautaimer@mail.ru. Разработчик: ТОО «Каз ПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г. Астана, пр. Кунаева 14/1-82. Тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте https://nbdecology.gov.kz/ в разделе «Общественные слушания».

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ – 40

# ҰЛТ РУХЫНЫҢ ҰЛЫ СЕРПІЛІСІ

Гүлжан ТҰРСЫН

Байрақты бәсекелерде көк туы желбіреп, әнұраны шырқалған тәуелсіз мемлекеттің тарихында ел намысын Желтоқсанда қорғаған қазақ жастарының ерлігі жатыр. Биыл Желтоқсан көтерілісіне 40 жыл. Желтоқсанды еске алу – өткенге тағзым ету ғана емес. Бұл – тәуелсіздіктің қадірін ұғыну, ұлт рухын ұрпақ санасына сіңіру. Тәуелсіздік – Желтоқсанда жанын шүберекке түйген қазақ жастарының аманаты.

1986 жылдың 16 желтоқсаны – қазақ халқының жаңа тарихындағы ең шешуші күндердің бірі. Бұл күнді жай ғана алаңға шыққан жастардың билікке қарсылығы деп бағалау аздық етеді. Желтоқсан – бодандыққа қарсы бұғып жатқан ұлттық рухтың бұлқынысы. Алаңға шыққандардың басым бөлігі небәрі он сегіз-жиырма жастағы студенттер еді. Олар саясаткер де, көтерілісші де емес. Бірақ қыз-жігіттердің жүрегінде елдің болашағына деген жауапкершілік тұрды. «Қазақ елін қазақ басқаруы керек» деген талап сол күнгі жастардың ғана емес, тұтас ұлттың көкейіндегі арман еді.

Мен де сол студенттердің қатарында болдым. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің бірінші курсында оқимын. Таңертең профессор Тауман Амандосовтың дәрісі өтіп жатқан. Бір сәтте аудиторияға қазақы бөрік киген жігіт кіріп келіп, бір жапырақ қағаз тастап кетті. Қағазда: «Кеуделеріңде қазақтың қаны болса, түсте алаңға жиналыңдар» деген сөз жазылған. Осы бір сөйлем біз үшін үндеу ғана емес, намысқа шақырған ұран болды. Бізді ешкім мәжбүрлеген жоқ. Ешкім ақша да, атақ та ұсынбады. Көпті алаңға жетелеген – қазақ деген халықтың перзенті екенін дәлелдеу еді.

Алаңға барған кезде бейбіт жастарды күтіп тұрған көрініс мүлде басқа болатын. Әскери техникалар, қалқан ұстаған сарбаздар, ит жетектеген әскерилер... Кеше ғана ауылдан келген он сегіз жасар қыз үшін бұл соғыс көрінісінен еш айырмашылығы жоқ еді. Соған қарамастан алаңдағы жастардың ең үлкен қаруы – олардың бірлігі болды. Бір мезетте көше бойымен шырқалған «Елім-ай» әні бүкіл алаңды толқытты. Мыңдаған адамның жүрегі бір мезетте соққандай әсер қалдырды. Көп ұзамай орталық алаңнан «Менің Қазақстаным» әні естілді. Сол сәтте жастардың рухы бұрынғыдан да биіктеп, қоршауды бұзып, бір-бірін құшақтап, қандай жағдайда да бір болатындарын байқатты.

Қолында қалқаны, резеңке сойылы бар милиция жастарды аяусыз соққыға алды. Қыздарды қорғаштаған жігіттер ұрып-соғылғандарды арашалап қалуға тырысты. Мұздай қаруланған күшке жалаң қолмен қарсы тұрған қазақ жастарының қайсарлығы ешқашан ұмытылмайды.

Сол күндері қорқыныш пен үміт қатар жүрді. Бірақ қорқыныш ұлттық намыстан басым түсе алмады. Желтоқсан көтерілісі күшпен басылғанымен қазақтың рухын жеңе алған жоқ. Керісінше, халықтың ұлттық санасын оятты. Бұрын іште тұншыққан ой енді ашық айтыла бастады. Қазақ жастары елінің тағдыры үшін жауапкершілік алуға дайын екенін дәлелдеді. Көтерілістен кейін басталған қудалау да оңай болған жоқ. Жүздеген студент тергелді, оқудан шығарылды, түрмеге қамалды, тағдырына таңба түсті. Біз де қауіпсіздік органдарының сұрақтарына жауап бердік. «Алаңға не үшін бардыңдар?», «Кім ұйымдастырды?» деген сауалдар айлап қойылды. Бірақ сол күндердің ауырлығы жастардың сенімін өзгерте алмады. Бүгінде Желтоқсанға қатысқан азаматтың көбі әр салада еңбек етіп жүр. Олар мемлекет құрудың бейбіт кезеңінде де Қазақстанның дамуына үлес қосуда. Өйткені Желтоқсан олар үшін біркүндік оқиға емес, өмірлік ұстанымға айналды.

Желтоқсанның тарихи маңызы оның нәтижесімен ғана өлшенбейді. Басты құндылығы – ұлттың еңсесін тіктеуінде. Егер Желтоқсан болмағанда тәуелсіздікке апарар жол әлдеқайда ұзақ әрі ауыр болуы мүмкін еді. Өйткені дәл осы көтеріліс Кеңес одағының мызғымас көрінген жүйесін дүр сілкіндірген ұлттық қозғалысқа айналды. Тәуелсіздіктің қадірін ұғынған ел ғана оның тұғырын биік ұстай алады. Желтоқсандағы жастар ерлігін еске алу арқылы жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен елдік рухты сіңіреміз.

ІЛТИПАТ

# ҰСТАЗ сенімі – шәкіртке қанат



*Адам өмірінде жол көрсететін, бойындағы қабілетті танып, болашағына бағыт-бағдар беретін жандар болады. Ондай адамдардың еңбегі уақытпен өлшенбейді. Олар шәкіртінің әрбір жетістігін өз жеңісіндей қабылдап, үнсіз ғана қуанады. Осындай жанашыр ұстаздың тәлімін көрген адам оның жақсылығын ешқашан ұмытпайды. Мен үшін сондай жан – университет қабырғасында дәріс берген журналист, ұстаз Ілескен Әлбатырұлы.*

Университетке алғаш келген күннен-ақ Ілескен Әлбатырұлы әр студенттің қабілетін танып, соны дамытуға ерекше мән беретінін байқадым. Ол менің де бойымдағы ұмтылысты байқап, әрдайым жігерлендіріп отырды. Өзім байқамаған мүмкіндіктерімді ашып, қаламымды ұштап, кәсіби тұрғыдан қалыптасуыма үлкен ықпал етті. «Ертуғанның қызы», «Милана қыз» деп ерекше ықыласпен атап, әр жетістігіме шынайы қуанып жүретін. Бұл сөздердің астарында шәкіртіне деген сенім мен қамқорлық жататын. Ол бізге журналистиканың теориясын ғана емес, сөздің қадірін сезінуді, ақпаратқа жауапкершілікпен қарауды, эфир мәдениетін сақтауды, көпшілік алдында өзіңді еркін ұстай білуді үйретті.

Есте қалған ерекше сабақтардың бірі – «Мен кіммін?» тақырыбындағы шығарма. Сол тапсырма арқылы өзімді басқа қырынан таныдым. Өзімнің қандай қасиеттерім барын, қандай мақсаттарға ұмтылуым керектігін ойлана бастадым. Ұстазымыз адамның ең алдымен өзіне сенуі қажет екенін ұғындырды. Сондай-ақ еңбек жолымды ерте бастауыма да Ілескен Әлбатырұлы себепкер болды. «Оқу мен жұмысты қатар алып жүр. Еңбектен қорықпа. Өз биігіңе тек еңбекпен жетесің» деген сөзі маған әрдайым күш-қуат берді. Сол сенімнің арқасында тәжірибе жинап, өзімді түрлі салада сынап көрдім. Бұл кейін кәсіби жолымды сенімді бастауыма мүмкіндік берді.

Бүгінде мен «Жетісу жастары» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұйымдастырушы қызметін атқарудамын. Қол жеткізген жетістіктерімнің бастауында ұстазымның берген білімі, көрсеткен бағыты мен маған артқан сенімі тұрғанын мақтанышпен айта аламын.

Кейде шәкірт жүрегіндегі алғысын сөзбен жеткізе алмайды. Алайда жақсылықтың өтеуі – оны ұмытпау. Осы мақала арқылы өзімнің ғана емес, ұстазына деген ризашылығын жүрегінде сақтап жүрген талай шәкірттің атынан алғыс айтқым келеді. Ал ұстаздың шынайы еңбегі марапатпен өлшенбейді. Ол шәкіртінің жүрегінде сақталған құрметпен, өмірде жеткен жетістігімен бағаланады. Сіздің есіміңіз біз үшін әрдайым ұстаздық парасаттың, адамгершіліктің және шынайы жанашырлықтың үлгісі болып қала береді.

**Милана ЕРТУҒАНҚЫЗЫ,**
**Жетісу университетінің түлегі**

РУХАНИЯТ

# АЛТАЙДЫ ӘНМЕН ТЕРБЕГЕН

*Шырайлы Шығыс жерінде сән-салтанатымен өткен «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық фестивалі мәресіне жетті. Ауқымды мәдени шара Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайбергеннің қатысуымен өткен гала-концертпен түйінделді.*



50 мыңға жуық тыңдарман тамылжыған әнге сүйсінген рухани шарада күміс көмей, жез таңдай әнші классикалық, эстрадалық және заманауи бағыттағы шығармаларды орындады. Көрермен «Olimpico», «Ave Maria», «Golden», «Smoke», «Weekend», «Ұмытылмас күн», «Махаббат бер маған» әндерін, сондай-ақ, авторлық «Самал» композициясын тыңдады.

Ел мақтанышы қазақтың халық әні «Aqerke»-ні алғаш рет заманауи форматта орындады. Фестиваль қонақтары «Тау ішінде», «Дұрдараз», «Stranger» шығармаларын және рок стилінде орындалған «Адай» күйін де тамашалады. Димаш Құдайберген шығармашылық ұжымымен бірге қазақ халқының ұлттық болмысын, музыкалық мұрасын кеңінен таныстырды.

Фестиваль туралы нақты мәліметтерге сүйенсек, биылғы мәдени шараға әлемнің 30-ға жуық елінен делегациялар қатысқан. Сондай-ақ Димаштың жанкүйерлері Индонезия, Өзбекстан, Әзербайжан, Чехия, Германия, Франция, Польша және басқа да мемлекеттерден арнайы келген.

# XIII МАУСЫМЫН АЯҚТАЙДЫ

*ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің дерегіне сүйенсек, «Астана Опера» театры XIII театр маусымын аяқтайды. Осы кезеңде театр қойылымдары мен шығармашылық жобаларын 120 мыңнан астам көрермен тамашалаған. Үш премьера сахналанып, 60 көрме ұйымдастырылған.*



Маусымның басты жаңалығы – «Астана Опера» театрының тапсырысымен Серікжан және Әліби Әбдінұровтар музыкасын жазған «Қыпшақ қызы Аппақ» ұлттық операсының әлемдік премьерасы. Бұдан бөлек Джузеппе Вердидің «Риголетто» операсы мен Сұлтанбек Ғұмар қойған «Мәңгіліктің төрт сыры» балеті қойылды.

Халықаралық «Опералия – 2026» фестивалі бір жарым ай бойы үш сахнада өтіп, оған 18 мыңға жуық көрермен мен әлемнің оннан астам елінен келген өнерпаздар қатысты. Балет труппасы Маскаттағы Корольдік опера театрында «Коппелиясын» қойып, Алматы мен Сочиде өнер көрсетті. Ал опера труппасы Павлодар мен Ақтөбеге гастрольмен барып қайтты.

Маусым бойы ұлттық музыкалық мұраны насихаттауға басымдық берілді. Театр шымылдығы «Абай» операсымен ашылып, Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына, Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің мерейтойларына арналған концерттер, қайырымдылық және ағартушылық іс-шаралар өткізілген.

# ЖЕТІ МИЛЛИОННАН АСТЫ

*Жас ұрпақ танымына кітап құндылығын сіңіру қоғамның басты міндеті. Ал елімізде кітапханаларды жаңғырту, кітап қорын толықтыру, баспа ісін дамыту және балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.*



Қазіргі таңда еліміз бойынша балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсететін 300-ден астам кітапхана жұмыс істейді. Кітапханалардың қорында 7 миллионнан астам кітап жинақталған. Ал тұрақты оқырмандар саны 1,7 миллионнан асады.

Балалар әдебиетіне деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Жас оқырмандардың сүйіп оқитын шығармалары Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» повестері мен Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі», Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» кітаптары.

Мәдениет министрлігінің парақшасында жарияланған дерекке сүйенсек, 2026 жылы кітапханалар қорын балалар мен жасөспірімдерге арналған 42 мың жаңа кітаппен толықтыру жоспарланып отыр. Бұл жас оқырмандар үшін қазіргі заманғы және классикалық әдебиетпен кеңірек танысуға мүмкіндік береді.

Балалар әдебиетіне деген қызығушылық кітапханалармен ғана шектелмейді. Жыл басынан бері кітап дүкендерінде балаларға арналған 200 мыңнан астам кітап сатылған.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі**

**Меншік иесі:**
**ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК**

**Басшы:**
**Ришад ТҰРҒАНБАЙ**
**Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71**

**Бас редактор:**
**Жұматай ӘМІРЕ**

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.**
**Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы**

**Мекенжайымыз:**
*Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.*
Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09**.
Меншікті тілшілер:
Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Сарқан, Ақсу аудандары — **8 701 779 19 38.**
Газет келмеген жағдайда осы нөмірлерге хабарласыңыздар — **8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09**.

**Кезекші редактор: Сарби ӘЙТЕНОВА**

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
*Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,“Алматы – Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

*Тапсырыс — 667*
*«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 3285, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 2608.*
*Индексі – 65469.*